



Әр заманның өзіне лайық тұлғалары болады. Бірақ уақыт өте келе көрегенділігі мен көсемдігіне сай білімді адамдар ғана өзгерістер мен қиыншылықтарға қайыспай, заман талабынан қалыспай, Қазақстанның тарихи жолындағы ұлы көштің алдыңғы лебінде қалады. Осындай әр тұлғалардың бірі – Борис Петрович Шах.



орнының бірінші басшысы ретіндегі өмірі, ғылыми-педагогикалық шығармашылығы, қоғамдық қызметі терең рухани мазмұнға толы. Осы кезде басқа да оқу орындары сияқты біздің институтта да ғылыми дәрежелі оқытушылардың жетіспеушілігі байқалды. Борис Петрович аспирантурада оқығысы келетін

• Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан

Менің білуімше, Борис Петрович ешқашан бұйрық бермеді, әкімшілендірмеді, өз билігін асыра пайдаланбады. Керісінше, барлық мәселені, олар қаншалықты маңызды және күрделі болса да, мамандармен, әріптестермен, активпен бірге шешуге тырысты. Сұрақ оған түсінікті болған кезде де оған қалай

готовки высокопрофессиональных кадров для совхозов и колхозов области и региона в целом. Борис Петрович особо подчеркнул, что первый секретарь Уральского обкома Компартии Казахстана Мустахим Иксанов много внимания уделяет работе СХИ, помогает решать его проблемы. Мол, вот и вчера приезжал,

Қалдырған ізі мөңгілік...

Жақсылығы мен жамандығы қатар жүретін бұл жалғанда ізгілікке ұмтылатын, саналы ғұмырын парасаттылыққа арнайтындар болады. Олардың өздері дүниеден өтсе де, есімдері ескірмей, халық жадында сақталады. Ел игілігі үшін еңбек еткен жанның бірі – Борис Петровичтің еңбек жолын санамнан бір санамалап өткізейін.

1975 жылдың қазан айында Б. Шах Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының ректоры болып тағайындалады. Борис Петровичтің институттағы жұмысы оқу орнының қалыптасу кезеңімен сәйкес келді. Оқу кешенінің құрылысын салу барысында біз Борис Петровичтің ұйымдастырушылық және іскерлік қасиеттерін анық көрдік. Ол ешқашан ұсақ-түйекке тоқталмай, болашақты бағдарлап жұмыс істеді. Кешен құрылысының барлық жауапкершілігі ректордың мойнына жүктелді. Борис Петрович проректорларға, факультет декандарына, бөлім басшыларына сенді және әркім өз учаскесінде өз жұмысын кәсіби түрде атқара білді.

Осы кезеңде ауыл шаруашылығы институтының материалдық-техникалық базасы жетіліп, нығая бастады. Қаланың шетінде, алдымен, бүкіл ғылыми-өндірістік кешенді жобалау, содан кейін салу басталды. Нәтижесінде 3 оқу ғимараты, 2 тұрғын үй, балалар комбинаты, кітапхана, спорттық блок, виварий

пайдалануға берілді. Көптеген пән бойынша бағдарламалы оқыту енгізіліп, он лектік дәрісхана оқытудың техникалық құралдарымен толықтай жабдықталды. Ауылға шефтік көмек көрсету бойынша құрылған студенттік құрылыс жасақтарының жұмысын ұйымдастырудағы еңбегі үшін Б. Шах 1984 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. Үлкен еңбек тәжірибесіне ие Б. Шах институтта қызмет атқарған уақытында институт ұжымын білімді де білікті басқара отырып, оқыту үдерісін жетілдіру, агроөнеркәсіп кешеніне қажетті мамандарды даярлау сапасын арттыруға бағыттай білді. Барлық жауапкершілік бірінші басшыға жүктелді. Факультеттің жаңа орынға көшуі, әсіресе оқу үдерісінің ортасында үлкен қиындықтар туғызды, өйткені барлық оқу жабдығын (станоктар, машиналар және т.б.) бөлшектеу, қайта орнату қажет болды. Мұның бәрі оқытушылардың, зертханашылардың немесе факультет студенттерінің күш-жігерімен жүзеге асырылды.

Борис Петрович мәселелерді жиі көтеріп, оларды шешуге өзінің көзқарасын ұсынды. Оның ауқымдылығы, шығармашылығы мен жаңашылдығы оның тәуелсіздігіне негізделген. Оның іс-әрекеті, ауқымды мәселелерді шешуге итермелейтін түсініксіз ішкі күш жігері болды.

Борис Петрович Шах – ерекше тұлға. Оның жоғары оқу

жас оқытушыларға зор қолдау таныта білді. 70-жылдардың соңында Борис Петрович 40-тан астам жас оқытушыны жинап, КСРО-ның жетекші ғылыми мекемелерінің аспирантураларына оқуға жіберді. Мұның бәрі Борис Петровичтің сенімі мен тәлімінің арқасында болды.

Борис Петрович институттың кафедраларын техникалық жабдықтауға көп көңіл бөлді. Оның тікелей қатысуымен оқу және сынақ зертханалары сол кездегі заманауи стендтермен, тракторлар мен басқа да ауыл шаруашылығы машиналарының қолданыстағы модельдерімен толық жабдықталды. Фрунзе оқу-тәжірибелік шаруашылығын дамытуға көп күш жұмсады.

Ол оқу қалашығының тіршілігін қамтамасыз ету және коммуналдық қызмет көрсету мәселелеріне ерекше назар аударды. Борис Петрович жұмысының көп болғанына қарамастан, облыстың шаруашылықтарына жиі баратын, бізге де онымен бірнеше рет сапарға шығуға тура келді. Қазақтың «Бала адам болып тегінен емес, ортадан қалыптасады» деген тамаша мақалы бар. Борис Петрович агрономия факультетінде дәріс оқыды. Ол бірінші басшының жұмысын ғылыми еңбектермен шебер үйлестіре білді. Шынында да, «Ғалымды – еңбегі, мұғалімді – оқушысы, ұйымдастырушыны ісі бойынша бағалайды» деп тегін айтпаса керек.

Борис Петрович біздің институтта 10 жыл қызмет етті.

әрекет ету керектігін білсе де, міндетті түрде ұжымды жинап, олармен кеңесіп атқарды. Бұл профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерді ойлауға, бастаманы дамытуға, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін арттыруға мәжбүр етті.

Бүгінгі таңда университет одан әрі дамып келеді, бұл, әрине, Борис Петровичтің ректор ретіндегі еңбегінің алғышарты деуге болады.

1975 жылдан 1986 жылға дейін облысты он бір жылға жуық басқарған Мұстахим Біләлұлы Иксанов Орал өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуында және біздің сол кездегі ауыл шаруашылығы институтымыздың құрылысында үлкен рөл атқарды.

«Қазақстанская правда» газетінің сол жылдардағы тілшісі Григорий Дильдяевтің сұхбатын сол күйінде беруді жөн санадым.

Высокий, приветливый человек с залысынами на большом лбу, улыбчивый, с зычным голосом и большими крестьянскими руками – таким мне и запомнился тогда Борис Петрович. Он увлеченно рассказывал о том, как главный вуз области работает с будущими студентами, старается отобрать лучших, причем обязательно и ребят из глубинки тоже. Провел по территории института, с гордостью показал отремонтированные и подготовленные к новому учебному году аудитории вуза, его производственную базу. Рассказал и об истории этого института, созданного в 1963 году для под-

ознакомился, как вуз подготавливался к наступающему новому учебному году. «Он, я знаю, бумажкам-справкам не очень доверяет, привык все, как говорится, потрогать собственными руками», — сказал тогда Шах.

Пару лет спустя мне довелось брать обстоятельное интервью у первого секретаря Уральского обкома партии. Речь во время этой беседы зашла и о сельскохозяйственном институте. Чувствовалось, что Мустахим Белялович хорошо знает жизнь этого вуза. Я не преминул вспомнить о своем знакомстве с Шахом. Иксанов оживился и дал самые лестные характеристики Борису Петровичу. Вот что я записал тогда в свой журналистский блокнот: «Он пример человека, по праву занимающего свое место. Очень ответственный. У него слово никогда не расходится с делом. Всегда открыт для общения. Умеет выстроить разговор и со студентом и с министром».

Ғұмыры гибратқа толы азаматтар қоғам өмірінде қай кезде де қадірлі. Олардың қажырлы еңбегі мен өнегелі ісі ешқашан ұмытылмақ емес. «Жақсының аты өлмейді» деген сөз осындай азаматтарға арналып айтылса керек.

Қазыбай БОЗЫМОВ,
Жәңгір хан атындағы
Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрметті ректоры,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
профессор

аграрлық-техникалық университетіне — 60 жыл



Талгат СИДЫҚОВ,
ҚР Ауыл шаруашылығы
саласының үздігі,
Астана қаласы

1978 жылы Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Балқұдық орта мектебін тәмамдап, білім қуып Орал шаһарына келдік. Осы қаладағы ауыл шаруашылығы институтына құжат тапсырдым. Абитуриент көп. Ол кезде емтихан талаптары да қатал болатын. Жолым болды, оқуға түстім, әйтеуір. Сөйтіп, 1978 жылдың мизам айында аталмыш оқу орнындағы зооинженерлік факультетінің студенті атанып, алғашқы дәріске қатыстым.

Ол кезде 17 жастамын. Біздің курста 75 студент. Мен 3-топқа бөліндім. Кураторымыз — Мәрия Қабдолқызы Шукеева болса, деканымыз — Аманкелді Рүстемов. Сабақтар орысша өтеді. Абырой болғанда біздің курста ылғи қазақ жастары екен. Тек қана екі-ақ орыс ұлтының өкілі болды. Топтағы студенттердің көбісі 1960 жылы дүниеге келген ашқан құрдастарым екен. Құрдастардың сыры ортақ, жыры ортақ дегендей, тез танысып, тіл табысып кеттік. Айтпақшы, жатақханаға жайғастым. Біздің факультеттің жатақханасы №6 екен, мен №55 бөлмеге орналастым. Ақтөбе мен Атыраудан келген Қайыржан Жұмағалиев және Аманжол Қабдешов, сондай-ақ шыңғырлаулық Мақсат Нұрқанов секілді замандастарыммен бір бөлмеде

Бағаға емес, сапаға ұмтылатынбыз...

лып жатты. Тек бір қиыны, бәрі орысша өтеді. Дегенмен есепті шығаруға келгенде алдымызға жан салмаймыз. Бір-бірімізбен жарысып, таласып өтетін сабақтар. Бәрі де күні кешегідей көз алдымда.

Оқытушыларымыз да сырттай қатал көрінгенімен, іштей біздерге жылы шырай танытатын. Көз-жанарларынан бізге деген жанашырлықтарын, тілектестіктерін аңғаратынбыз. «Оқуда қиын болғанымен, өмірде оңай болады» деп тұратындай. Тұқсит Халиев, Надежда Бектұрғанова апайымыз, соғыс ардагері Қисмет Қапанов ағайымыздың дариядай білімі мен өнегесі үлкен өмір жолына қомданған қанатымыздың қатаюына үлкен жәрдем болды. Қандай ғажап жандар еді...

Жоғарыда сабақтың орысша өтетінін айттым ғой, ал олар біздің ойымызды жеткізе алмай қиналып тұрған түрлерімізге қарап, қазақша айтуымызға рұқсат ететін. Осылай алғашқы айлар жылжып өте берді.

Әлі есімде, қыркүйек айының он тоғызыншы жұлдызы, алғашқы сабақ кестесі бойынша дене шынықтыру сабағы. Құрылысы жаңа аяқталған су жаңа спортзал. Ауылда, қырдан өскен біз үшін бәрі таңсық. Институттың сыңғырлаған еңселі спортзалы ханның зәулім сарайындай болып елестейді. Спорттық ойынды тамашалауға арналған көрермен трибуналары мен балконы бар екен. Сол балконның үстінде екі-үш кісі қызу әңгімелесіп тұр. Бір кезде төменге түсіп, жанымызға келді. Спорттық киім киген кісі өзін, оқу орнының спорт факультетін қазақша-орысша араластырып таныстырып жатыр. Таныстыруын аяқтап, бәрімізді көзімен бір шолып шықты да, топтың соңына таман тұрған маған келіп:

— Күресесің бе? — деп сұрады. Құдай аузыма салған шығар, салған жерден «Иә» деп жауап

Ол кезде сабақ таңғы 8:00-де басталып, кешкі беске таман бітетін. Сол аралықта кітапханаға соғып, сабағыма дайындалуға да үлгеремін. Сұрастыра жүріп, күрес залын тауып алып, сонда бардым. Ауылдан келген жылқышының баласына күрес таңсық емес, әрине. Дегенмен мұндай күрес алаңын көру, бозкілемінде белдесу халықаралық жарыстарда, жаһандық додаларда белдескенмен бірдей әсер қалдыратын. Білеудей бұлшық еттері терге малшынып, бірін-бірі бұрап, алып ұрып жатқан палуандарды көріп, «Шіркін, қашан осылар секілді болар екенмін?» деп қиялдап қоямын. Тәтті қиялымды «Кел, Талғат!» деген сөз бөлді. Атымды атап шақырған дауыс жаққа бұрылсам, сол жүзтаныс Марат ағай екен. Мені күрестің қыр-сырынан хабары бар деп ойлаған болуы керек, бірден белдесудің қиындау тәсілін үйрете бастады. Жаттығудан соң бәрімізге «Еркін күрестен бүкіл Одаққа танымал палуан Сайлау Мұқашев келіп, сендерді жаттықтырады. Жаттығуды қалдырмай, аянбай еңбектенсеңдер» деді. Айтқандай, қазан айында Сайлау ағай келді. Тәртібі қатал. Жаттығу таңғы алтыда басталады. Өзі бір әдісті үйретіп, бозкілемнің үстінде бізбен бірге алысып, қара терге түсіп жүреді. Сөйтіп, бірте-бірте буыным бекіп, қабырғам қатып дегендей, жарыстарға қатыса бастадым. 1978 жылдың желтоқсан айында институт біріншілігінде топ жардым. Келер жылғы наурызда Орал қаласының біріншілігінде бас бәйгеге иелі болдым. Осылай спорттық мансап жолым басталып кетті. Ақыры, еркін күрестен КСРО спорт шебері деңгейінде қалыптастым.

Институт қабырғасында факультеттің комсомол комитетінің бюро мүшесі болдым. Факультетте «Атлант» деп аталатын вокалды-аспапты ансамбль болды. Сол ансамбльдің құра-

жақсы достарға тап болдым. Ауылдың қара домалақ баласы үшін үлкен жетістіктерге қол жеткіздім. Институтқа белгілі студент болдым. Курстастарым, бірге күрескен жігіттер «Тәке, сен ерінбейсің, бір нәрсеге ұмтылсаң, жетпей қоймайсың» деп арқамнан қағып, қанаттандыра түсетін. Курсымыз институт бойынша жақсы үлгерімді болып, Қуйбышев, Самара, тағы да басқа қалаларға саяхатқа жолдама ұтып, ел көріп, жер көріп дегендей, армансыз қыдырып жүрдік. Бір жылдары курстан жиырмаға жуық оқу озаты шығып, керемет сабақ үлгеріміне қол жеткіздік. Сөйтіп жүргенде бес жылдық студенттік дәурен өте шығып, институтпен, аяулы ұстаздармен қоштасып, бәріміз жан-жаққа жолдама бойынша, шаруашылықтар шақыртып, қызметке кірісіп кеттік. Биыл институтты бітіргенімізге 40 жыл толып отыр.

Біздің студент шағымызда институтта жалғыз ғылым докторы, профессор болатын. Ол да басқа ұлт өкілі. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Геннадий Лобановский еді. Есімде, ол профессордың бөлек қызметтік бөлмесі болды. Есігінің сыртында аты-жөні жазылған тақтайша ілініп тұратын. Сол кезде жасы жетпістен асқан адам. Әлгі кісіні лекция оқығанда немесе сұхбаттасқанда орысша шамамы болса да, түсінетінбіз. «Мақтаулы маман боламын» деп талпынған жас көңіл, «Болашақта ауыл шаруашылығы саласын дамытамын» деген зор сенім бізді алға жетелеп, білімді қажырлықпен игеруге талпындырды. Ұстаздардың айтқанын екі етпей орындап, кітапханадан шықпай, дәрістерін тіпті жатқа да айтатынбыз. Өйткені сабақ орысша жүреді, жеткізіп айту үшін бағаға емес, сапаға ұмтылатынбыз. Едіге Нысанбаев, Қазыбай Бозымов, Балуаш Трайсов, Ермек Айтәлиев сынды сол кездегі жас мұғалімдерден де үйренгендіктен, профессор

дастыру, селекциялық жұмыстармен айналысуы қажет деп есептеймін. Бұл туралы жоғары мінберлерден де айтып жүрмін. Артынша сатылап зоотехник-селекционер, бас зоотехник, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында аға зоотехник, шаруашылық басшысы болып істедім. Мемлекеттік қызметтерде де төбе көрсетіп, аудандық комсомол, партия комитеттерінде ұйымдастыру, басқару бөлімінің меңгерушісі болдым. 45 жылдық еңбек өтілім қазіргі Батыс Қазақстан облысының Ақжайық, Теректі, Бөрлі аудандарында өтті. Бөрлі ауданының әкімінің орынбасары қызметін төрт жыл атқардым. Айтпақшы, 1988 жылы Орал облысының «Үздік зоотехнигі» атандым. Одақ, республика, облыс, аудан деңгейінде бірнеше рет Құрмет грамоталар алдым.

Ғылым жолында да біраз тер төктім, 100-ге тарта ғылыми еңбегім бар. Нұсқаулықтар, монографиялар, ауыл шаруашылығы мамандары мен мұғалім, студенттерге арналған әдістемелік кітаптар жаздым. Етті мал шаруашылығында бұқаларды төл сапасы бойынша бағалау әдістемесіне қатысты өнертабыс патентінің иесімін (№2409943. Мәскеу қаласы). Біраз еңбектерім шет тілдерге аударылды. 2001 жылы Мәскеу қаласында «Шөлейт аймақтарда қазақтың ақбас жас тұқымын өсіру мен бордақылаудың әртүрлі технологияларын қолдану тиімділігі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғадым. Ат 2018 жылы тағы да сол Мәскеу шаһарында «Батыс Қазақстан мен Ресейдің оңтүстік Орал құрғақ дала аймағында асыл тұқымды ресурстарды ұтымды пайдалану арқылы сиыр етін өндіру тиімділігін арттыру» тақырыбында докторлық диссертациямды да ойдағыдай қорғап шықтым. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің дербес бөлім басшысымын. ҚР